



ЖАУАПКЕРШІЛІКСІЗ ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ҚАТАҢ ШАРА ҚАЖЕТ

3



АУҒАНСТАН-ПӘКІСТАН: ТӘЛІПТЕРДІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ КӨРШІ ЕЛДЕРГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТУДЕ?

3



АЛАЯҚ РИЭЛТОРЛАР баспана іздеген студенттерді тақырға отырғызады

8

ШОРТИСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ШАБУЫЛЫНЫҢ АРТЫНДА НЕ ТҰР?

Голливудта түсірілген «The Big Short» фильмінің орысша аудармасы «Игра на понижение» деп келтірілген. Бірақ тікелей аударатын болсақ – Үлкен шорт. Үлкен шорт операциясы деп түсінсек болады.

Фильмде 2008 жылғы американо-ипотекалық кризисінің жақындап келе жатқанын сезген түрлі қорлардың аналитиктері одан мүмкіндігінше пайда табуға тырысады. Яғни нарық құлайды деп инвестициялық банктен бәс тіге аласыз. Бұл қысқа позициядағы кредиттік-дефолттық своп, бір сөзбен айтқанда, облигациялардың құлдырауына төленетін сақтандыру қағазы. Фильмде аналитиктер Майкл Бьюри, Марк Буум осындай своптарды көптеп сатып алып, экономика құлап, барлығы кризиске ұшырағанда олар керісінше, байып кетеді. Яғни олар өсіп бара жатқан нарыққа қарсы ойнайды.

Қор нарығында акциялардың төмендеуінен пайда табатын инвесторлар типін «аюлар» дейді. Шорт – инвестордың өзіне тиесілі емес акцияларды брокерден қысқа мерзімге қарызға алып, жоғары бағамен сатып жіберуі. Енді инвестор сол акцияның нарықта арзандауын күтеді. Арзандағаннан



кейін өзі сатқан акцияны қайта арзанға сатып алады да, брокерге қайтарып береді. Соның арасындағы ақша айырмасы инвесторға пайда ретінде келеді. Мұнда бастысы – белгіленген уақыт ішінде әлгі акциялар арзандауы керек. Әйтпесе, инвестор күйіп кетеді.

Шортистерге белгілі бір акцияның құлауы тиімді болғандықтан, олар бұл үшін мүмкін нәрсенің бәріне барады. Осы жолда олар компанияны биржада құлата алатын мәліметтер іздеп, тәуелсіз сарапшылар арқылы түрлі әшкерелеуші зерттеулердің пайда болуына ықпал етеді.

4

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №99 (6392) 19 тамыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



МЕГАПОЛИСТЕ БЕС АУМАҚ ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында қаладағы гидротехникалық инфрақұрылыммен танысып, бірқатар әлеуметтік нысанды аралап көрді. Алматы қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.08.2023

Түнде:



+17+19 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

20.08.2023

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

МЕГАПОЛИСТЕ БЕС АУМАҚ ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Қала халқының саны 3 миллионға жуықтайды

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы былтыр күзде Алматы жұртшылығымен кездесу барысында қаланы дамытудың басты бағыттары айқындалғанын атап өтіп, нәтижесінде Алматыны дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданып, шаһардың 2040 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілгенін айтты.

«Алдағы 20 жылда Алматы халқының саны 3 миллионға жуықтайды деген болжам бар. Болашақта қала ішіндегі бес аумақ орталық ретінде дамиды. Сонда орталықтағы қазіргі ахуал бірішама жеңілдеп, барлық ауданға бірдей салмақ түседі. Соңғы 10 жылда қала өте жылдам әрі ретсіз өсті. Алматының аумағы екі еседен астам кеңейді. Бірақ инфрақұрылымның дамуы әр жерде әртүрлі болып отыр. Қалада тұрғындар саны орташа алғанда жыл сайын 70 мың адамға көбейіп келеді. Жұмысқа, сабаққа бару үшін іргелес елді мекендерден күн сайын 500 мың адам Алматыға келіп кетеді. Мұндай түйткілдерді уақытылы анықтап, дер кезінде шешіп отыру қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Жүйелі шаралар қабылдау маңызды

Кеңес барысында қаланың коммуналдық, жол және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ білім, экология және медицина салаларында қордаланып қалған проблемаларды шешу жолдары мәселелері талқыланды.

Президент Алматы қаласын дамытуға қатысты негізгі проблемаларды шешу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы таяуда «Акцент» ықшамауданындағы көпқабатты тұрғын үйде болған өртті мысалға келтіріп, өрт қауіпсіздігі саласындағы ахуалды сынға алды. Президент Төтенше жағдайлар министрлігіне өрт кезінде сақталуға тиіс қауіпсіздік шаралары жөнінде халықтың сауатын арттыру үшін жаппай



оқу-жаттығу шараларын ұйымдастыруды тапсырды. Ал қала әкімдігіне өртке қарсы күрес қызметінің материалдық-техникалық базасын күшейту үшін пәрменді шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

Президент Алматының экологиялық ахуалын жақсарту үшін қаладағы көлік қозғалысын реттеп, электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту қажет деп санайды.

Қала әкімі Ерболат Досаев 2025 жылдың соңына дейін қаладағы қоғамдық көлік саласы толықтай экологиялық стандартқа көшірілетінін баяндады. Бұдан бөлек, қажетті инфрақұрылымды дамыту арқылы халықтың электромобильге деген сұранысын арттыру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр.

Су шаруашылығын ретке келтіру керек

Алматы қаласындағы инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі де Президент назарынан тыс қалмады. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі ең басты сын-кәтердің бірі – сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Тәжірибе көрсеткендей, Алматыда да бұл тұрғыда жағдай мәз емес.

Мемлекет басшысының айтуынша, шаһарда судың үздіксіз берілуіне кедергі келтіретін апатты жағдайлар тым жиілеп кетуі сумен қамтамасыз ету саласындағы

проблемаларды кезек күттірмей шешу қажет екенін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы кезде сел жүріп, өзен суларының лайлануы жиілеп кеткені алаңдаушылық туғызатынын айтты. Соның салдарынан шілде айының соңында коммуналдық қызметтер қаланың жоғарғы бөлігіндегі аудан тұрғындарына су беруді шектеуге мәжбүр болды. Медеу ауданындағы 50 көпөтерлі үй мен 4 мыңнан астам жеке тұрғын үй сусыз қалды. Бұл тұрғындардың орынды наразылығын туғызды.

Президент еліміздің ең үлкен шаһарындағы су шаруашылығын ретке келтіру үшін атқарылуға тиіс негізгі міндеттерді айқындап берді. Атап айтқанда, Үкімет пен қала әкімдігіне мердігерлердің кінәсінен кешіктірілген Қарғалы су жинақтау нысанын биыл қазан айының соңына дейін пайдалануға беру, қаланың су шаруашылығына толық тексеріс жасау және Алматының жоғарғы бөлігін сумен толық қамту үшін жерасты су көздеріне гидрогеологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ «Балқаш» станциясындағы резервуар мен төрт скважинаның құрылысын аяқтау міндеттері жүктелді.

Жұмыссыздық мәселесіне назар аударған жөн

Сонымен қатар, Президент тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қатысты

біркатар проблемаға тоқталды. Мемлекет басшысының пікірінше, ең алдымен, NEET санатына жататын жастардың арасындағы жұмыссыздық мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Үкіметке және әкімдікке жастарды жұмыспен қамту үшін арнайы бағдарлама әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Президент көтерген тағы бір маңызды мәселе – Алматының денсаулық сақтау саласындағы ахуал. Мемлекет басшысының айтуынша, қазір қаладағы денсаулық сақтау ұйымдары шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп жатыр. Өбден тозығы жеткен инфрақұрылымды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржысы есебінен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізіндегі жобаларды жүзеге асыру арқылы кешенді түрде жаңғырту қажет. Президент Денсаулық сақтау министрлігіне медицина мекемелеріндегі қаржы тапшылығын жою үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

Кәсіпкерліктің даму әлеуетіне оң баға берді

Бұдан бөлек, кеңес барысында Алматы экономикасын әртараптандыру мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта кәсіпкерліктің даму әлеуетіне оң баға берді. Келтірілген мәліметтерге сәйкес, 2022 жылдың өзінде Алматы мемлекеттік бюджетке төрт триллион теңгеден астам қаржы құйды. Қаладағы салық түсімдерінің басым бөлігі шағын және орта бизнестің төлемдеріне тиесілі.

Президент мегаполистегі бизнес-ахуалды жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау жөнінде міндет жүктелді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жеке капиталды тарту, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын күшейту, жаңа көлік-логистикалық орталықтарына қолдау көрсетудің тың шараларын қарастыру, креативті индустрия, туризм салаларын дамыту Алматы экономикасына тың серпін беруге тиіс.

Сонымен қатар, жиын барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова сөз сөйледі.

● ҚАУІПСІЗДІК

СЕЛДЕН ҚОРҒАЙТЫН БӨГЕТ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



мореналық көл бар. Оның ішінде 156 көлде сел жүру қаупі жоғары.

Мемлекет басшысы қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін селден қорғау шараларын жүргізу маңызды екенін атап өтті. Бұл ретте Президент Төтенше жағдайлар министрлігі, Алма-

ты қаласы әкімдігі және «Қазселденқорғау» мекемесі өзара тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

«Аюсай» бөгетінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа пилоттық жоба аясында орнатылған 31 цифрлық гидробекет таныстырылды.

Бұл қондырғылар судың жылдамдығына, температурасына, лайлылығына және басқа да көрсеткіштерге онлайн-режимде мониторинг жүргізеді. Мұндай технологиялар келешекте еліміздің жеті таулы аймағында қолданысқа енгізіледі.

Гидробекеттердегі мәлімет ТЖМ Дағдарыс жағдайын басқару орталығының бірыңғай ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын барлық ғылыми ұйым мен салалық ведомстволарға қолжетімді болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласына жұмыс сапары биыл 1 маусымда пайдалануға берілген сел тасқынынан қорғайтын бөгетпен танысудан басталды.

«Аюсай» бөгеті Үлкен Алматы өзенінің бассейнінде орналасқан. Оның жоғары жағында сел қаупі бар 98 учаске, 89 мұздық, 20 мореналық және мұзды көл бар. Бөгет сел жүру қаупін барынша азайтып, 500 мыңнан астам халық пен 2 мыңға жуық нысанның табиғат апатынан қорғалуын қамтамасыз етеді. Еліміздің биік таулы аймақтарында 970

● БІЛІМ

ҰСТАЗ ҚЫЗМЕТІ ҚОҒАМ ҮШІН МАҢЫЗДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары аясында Prometheus School білім беру ұйымын аралап көрді.

Президентке білім ордасының оқу кабинеттері, жаратылыстану зертханалары, мектепте сабақ оқытудың Darun Go, Booku-Wooku авторлық әдістемелері, сондай-ақ оқу орнының жалпы инфрақұрылымы таныстырылды.

Prometheus school былтыр 9 қарашада ашылған. Мектеп 840 оқушыға арналған. Аумағы – 12 мың шаршы метр. Білім беру мекемесін салу үшін 5,2 миллиард теңге инвестиция тартылған.

Аз қамтылған отбасылардың дарынды балалары үшін білім гранттары бөлінеді. Мектеп жыл сайын грант санын арттыруды жоспарлап отыр.

Мемлекет басшысына Enlightenment Power Group қоры жүзеге асырып жатқан

жобалар туралы мәлімет берілді. Қор директоры әрі мектептің бақылаушылар кеңесінің төрағасы Досым Бесбайдың айтуынша, 1400 оқушыға арналған «ФизТех» мектебін ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл мектеп түлектердің әлемдегі жетекші техникалық жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік туғызу үшін сапалы білім беруді көздейді. Мектеп құрылысын биыл қараша айында аяқтау жоспарланған. Жобаға тартылған инвестиция көлемі – 3,9 миллиард теңге.

Мемлекет басшысы Prometheus School мектебіндегі білім беру және оқушыларды даярлау форматының ерекшелігін атап өтті. Сондай-ақ, ұстаздарға табыс тілеп, олардың қызметі қоғам үшін маңызды екенін айтты.



БАЙЫПТАМА

ЖАУАПКЕРШІЛІКСІЗ ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ҚАТАҢ ШАРА ҚАЖЕТ

Президент алдағы Жолдауында шетелдік компаниялар мәселесін көтеруі мүмкін

17 тамызда «Қазақстан» шахтасы өртке оранды. Оқиға үнді бизнесмені Лакшми Митталға тиесілі «АрселорМиттал» шахтасында орын алды. Адам өліміне алып келген мұндай жағдай бірінші рет болып жатқан жоқ. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дереу Үкімет пен Қарағанды облысының әкімдігіне тапсырма берді. Президент тек «АрселорМитталға» ғана емес, еліміздің барлық шетелдік компанияларға сын айтты. Тіпті, олардың елімізде қызмет ету-етпеу мәселесін көтерді.

САБЫР КЕСЕСІ ТОЛДЫ

«АрселорМитталға» тиесілі кен орындарында апатты жағдай бұрын да болған. Осыған қатысты мәселені былтыр Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров көтерген. Ол соңғы 10 жылда, яғни 2011–2021 жылдары 20-дан астам адам апат орын алып, 41 адам зардап шекті деген ақпаратты айтқан. Factcheck редакциясы да бұл мәліметтің шындық екенін растап отыр. Төтенше жағдайлар министрлігінің «АрселорМиттал Теміртау» әкімшілігіне сілтеп, Factcheck.kz сайтына берген ақпаратына сай, 2011–2021 жылдары 21 апат тіркеліп, 42 адам зардап шеккен. Олардың 18-і жеңіл, 7 адам ауыр жарақат алса, 17 адам қайтыс болған.

Ерлан Саиров тағы бір мәлімет келтіреді. 2005–2021 жылдары ондағы шахталарда 109 адам қаза тапқан. Өткен жылдың өзінде бірнеше апат болды. Ақпан айында «Шахтинск» шахтасында орын алып, ешкім зардап шеккен жоқ. Маусымда Теміртау металлургия

комбинатында 4 адам қаза тапты. 3 қарашада Ленин атындағы шахтада орын алған апаттан 5 адам мерт болып, 9 адам зардап шеккен.

Соңғы болған апаттан кейін компанияның басшылары ауысқан. Алайда, әлі күнге дейін жұмысшылардың қауіпсіздігі мәселесі шешілмеген. Оған соңғы болған апат дәлел.

КОМПАНИЯ АУАНЫ УЛАП ЖАТЫР...

«АрселорМиттал» тек қауіпсіздік мәселесін ғана емес, экологиялық талаптарды да орындай алмай отыр. Швейцариялық IQAir компаниясы мен біздің Қазгидромет Қарағандының ауасы елімізде ең лас ауа деген қорытындыға келген.

Қарағанды облысының экология департаменті Теміртаудағы ауаны ластаушы басты себеп, ол – «АрселорМиттал» АҚ екенін мәлімдеген. Өткен жылғы облыстағы экологиялық мәселелер жайлы



берген есебінде қаланың ауасын 87% осы компания ластайды екен. 2022 жылы компания 201 мың тонна ауаны ластаушы зат шығарған. Бір қызығы, бүкіл қалада 231 мың тонна ауа ластағыш зат шығарылған.

Сондай-ақ, компания өзіне жүктелген экологиялық міндеттерді де орындамай отыр. 2019 жылы Экология министрлігі мен компания арасында меморандум жасалған. Оған сәйкес компания 2024 жылға қарай ауаны ластаушы заттардың көлемін 30%-ға төмендетуге міндеттелген. Алайда, компания 2019–2022 жылдары 23 талаптың тек 7-еуін ғана орындаған. Тіпті, 2022 жылғы зиянды заттарды шығару мөлшерін төмендету талабын да орындамаған. Былтыр 6,6 мыңға төмендету керек болса, тек 1 мыңға ғана азайған.

БЕКЕР СЫН АЙТЫЛҒАН ЖОҚ...

9 тамызда Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар облысына жұмыс сапарымен барды. Онда Мемлекет басшысы жаңа экономикалық модельге өту керектігін айтты. Оның қандай болатынын алдағы қыркүйектегі халыққа Жолдауында белгілі болмақ. Алайда, қазірдің өзінде Жолдауда қандай мәселелер көтерілуі мүмкін екенін болжауға болады.

Президент отандық экономистерді де сынады. Оларда креативтілік жоқ, қойылған міндеттердің мәнін түсінбейді деген сын айтылды. Бұл жердегі экономистер дегені Президент жанында жұмыс істейтін Жоғары экономикалық кеңестің мүшелері.

Бұл сын бекер айтылған жоқ. Өткен жылдан бері елімізде экономикалық сектордағы монополияға қарсы саясат жүруде. 22 наурызда арнайы комиссия да құрылды. Оның төрағасы Премьер-Министр Әлихан Смайылов. Комиссия құрылған кезде экономиканың барлық секторындағы монополиямен күресті қолға алуды көздеген жоқ. Телекоммуникация, теміржол инфрақұрылымы және медиаактивтер ең негізгі салалар ретінде таңдалды. Премьер-Министрдің өкімінде және де басқа салалар делінген, алайда комиссияның отырыстарындағы күн тәртібі мен ақпараттық кеңістіктегі материалдар жоғарыдағы салаларға аса мән беріліп жатқанын көрсетеді.

Осыдан келіп, соңғы болған «Қазақстан» шахтасындағы апат пен 9 тамыздағы Президенттің мәлімдемесін сабақтастыра келе, қыркүйектегі Жолдауда қандай экономикалық модель болатынын болжауға болады. Соған қарағанда, Жолдауда шетелдік компаниялар мәселесі көтеріліп, монополияға қарсы саясат ары қарай жалғасатын сияқты.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



САРАПТАМА

АУҒАНСТАН–ПӘКІСТАН:

ТӘЛІПТЕРДІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ КӨРШІ ЕЛДЕРГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТУДЕ?

Осы аптада «Талибан» ұйымының Ауғанстан билігіне келгеніне тура екі жыл толды. 2021 жылы 15 тамызда тәліптер соған дейін билік жүргізіп келген Ашраф Ғани үкіметін аударып, Кабулды өзіне қаратты. Шын мәнінде, көп тарапқа тәліптердің билікке келуі күтпеген жағдай еді. Бұл оқиға ел тарихында ғана емес, Ауғанстанға көршілес елдер мен аймақтар үшін де белгілі деңгейде ерекше сыпатқа ие болды. Ресей, Қытай, Иран және Орта Азия елдері үшін қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесі өзекті бола түсті. Дегенмен, әу баста «тәліптердің билікке келуінен пайда көруші тараптар да бар» деген болжамдар да айтылған. Бұған Пәкістан мысал ретінде көрсетілген. Алайда, екі жылдан кейінгі жағдай бізге бұл болжамның дұрыс еместігін дәлелдегендей.

«ТАЛИБАНЫҢ» ҚҰРЫЛУЫНА ПӘКІСТАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

«Талибан», яғни тәліптер (талибтер, талабалар – шәкірттер, тәлім алушылар) моджахедтердің тарихи мұрагері деуге де болады. Кеңес Одағының әскерлеріне қарсы күрескен моджахедтердің балалары, соның ішінде Пәкістан жеріндегі медресе шәкірттерінен құрылған қозғалыс. Ұзақ жылдық соғыстан шаршаған ауғандықтар үшін талабалар бейне үміт шырағы сынды жарық етті. Бастапқыда талабалар бақылауына ұстаған аймақтар басқа өңірлермен салыстырғанда тұрақтылық пен бейбітшілік ішінде болды. Өсе келе тәліптер Кабулдың орталық билігіне қарсы күшке айналды әрі елге толық билік жүргізіп, ислам шариғатымен жүретін мемлекет құратынын ашық аңғартты.

Әрине, майдангерлердің балаларынан құралған медресе шәкірттері өздігінен топтасып, ықпалды ұйымға айналмағаны анық. Оған белгілі бір сыртқы күштердің ықпалы болғанын көптеген сарапшылар өз зерттеулерінде көрсетеді. Осы жерде Пәкістан көбірек аталады. Кезінде Исламабад «Талибан-ды» жоба ретінде көтерді деген пікірлер де айтылған. Бір кездері Пәкістан үкіметін басқарған (премьер-министрі) Беназир Буходо ханымды кейбір зерттеушілер «Талибанның құрушысы» немесе «Талибанның анасы» деп атайтыны бар. Ол өзінің ВВС-ге берген бір сұхбатында «Талибанның» құрылуына бірқатар араб елдерінің қаржылай қолдауы болғанын, тіпті оның артында АҚШ пен Британия-да жатқанын айтқаны бар. Осы сұхбатында да Буходо ханым Пәкістанның

«Талибан» ұйымының құрылуындағы ықпал-орнын жоққа шығармайды.

«Талибан» Ауғанстанда билікке жету үшін құрылған ұйым болғанымен, оның Пәкістанмен тығыз қатынасы болды. Тіпті, ұйымның құрылуы мен дамуы үшін Пәкістан негізгі база болды деуге де болады. Билікке жеткенге дейін тәліптің жоғары жетекшілерінің отбасы мүшелері, тіпті өздері де Пәкістан жерін паналап жүргенін ресми мәліметтер растайды. Бұл күрделі қарым-қатынасқа қатысты қарама-қайшы пікірлер бар. Қалай десек те, «Тәліптердің төркіні Ауғанстан болғанымен, төрі Пәкістан» болған кезі бар. Ал тәліптер ауған жұртында билікті өз қолына алудан бұрын да Исламабад тарапынан жасырын болса да қолдау үзілмеді. Естеріңізде болса, сол кездегі Пәкістан премьер-министрі Имран Хан талай рет ашық қолдау танытқан еді. Бұл жағдайға қарай отырып, Кабулдың «Талибан» билігіне өтуі Пәкістанға зор пайда береді деп күтілген. Бірақ осы тәліптер қазір Исламабад үшін пайдадан көрі проблемаға айнала бастады.

«БІРЕУГЕ МЫЛТЫҚ ҮЙРЕТтім...»

Ауғанстанда билікке тәліптердің келуі қазір Пәкістан үшін күтілгеннен керісінше әсер етуде. Бұл Пәкістан жеріндегі тәліптердің күшеюіне әсер еткен және олардың шабуылдары көбейген. Бұл арада шабуылдардың Пәкістан жерінде болып жатқанын айта кету керек. Ауғанстанмен шекаралас аймақта елдегі тұрақсыздықтан бас сауғалап барған миллиондаған ауғанстандықтар жасайды. Пәкістандық тәліптер де солардың



арасында. Пәкістандық тәліптердің ұйымын «Техрик-е-Талибан Пәкістан» (ТТП) деп атайды. 2021 жылы ауғандық тәліптер билікке келгеннен бері ТТП-ның Пәкістандағы іс-әрекеттері белсенді күйге өткен. Лаңкестік шабуылдар да көбейген. Соңғы екі жыл ішінде Пәкістанда террорлық шабуылдар саны 73 пайызға дейін көбейген. Мұның арасында биыл қаңтар айында болған Пешавар мешітінде болған жарылыс та бар. Онда 300-ден астам адам қаза тапқан еді.

Исламабад билігі ТТП күштерімен сонау 2014 жылдан бастап «айналысқан» еді. Олардың қауіпті қарулы күштерін талқандау үшін арнайы әскери операциялар да күшейткен. Бірақ олар Ауғанстанға өтіп бас сауғалап құтылып отырған. Бұл кезде Исламабад Кабулды айыптап, лаңкестік күштерге баспана беріп отыр дегені бар. Ал 2021 жылы ауғанстандық «Талибан» билікке келгеннен кейін ТТП күштерін қандай да бір басу, тежеу әрекеттерін жасамады. Керісінше, пәкістандық тәліптердің де күші нығая түскен.

Анығында, Кабулде билікке жеткен ауғандық тәліптер көрші елдерге жасаған мәлімдемесінде Ауғанстан басқа елдерге шабуыл жасаушы күштердің баспанасына айналмайтынын бірінші кепілдік ретінде ұсынған. Бірақ Пәкістан тұрғысынан олай болмай шықты. ТТП-ның барған сайын күшеюі тәліптердің екі тармағында астыртын

байланыс бар ма деген күдікті күшейтуде. Бұл күдік керек болса, Қытайды да ұйқысынан оятары анық.

СЕРГЕК ҚАРАУҒА ШАҚЫРАДЫ

Болған жағдай бізді сергек қарауға шақырғандай. Тәліптердің екі тармағы арасындағы байланыс тым күрделі. Олардың арасындағы қатынас тікелей қолдау немесе қарсы тұру жағдайында ма, нақты айту қиын. Ауғандық тәліптер НАТО күштеріне қарсы күресте ТТП-ның пәрменді қолдауын алған. Бұның өзі біраз сұраққа жауап болатындай. Біз үшін негізгі мәселе болған оқиғалардың жалпы сипатында тұр. Егер «Талибан» өзге елдерге қауіп төндіретін күштер үшін Ауғанстанның база болмайды деген кепілдігін орындай алмайтын болса, бұл аймақ үшін тіптен салмақты мәселе екенін көреміз. Сондықтан қазіргідей аумалы-төкпелі жағдайда оңтүстік тарапты да ұдайы бақылау міндетін жүктейді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





НАРЫҚ

ШОРТИСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ШАБУЫЛЫНЫҢ АРТЫНДА НЕ ТҰР?

(Басы 1-бетте)

Зерттеудің пайдасы

Осындай ең танымал шортселлердің бірі, өзін зерттеушілер тобы деп таныстыратын Hindenburg Research жаңа тренд қалыптастырды. Натан Андерсон басқаратын зерттеуші топ алдымен нысанаға ілінген компанияға биржада шорт позиция ашады, артынан сол компанияға қатысты әшкерә зерттеу жариялайды. Егер компания акциялары құлдыраса, олардың мұрты майланады.

2020 жылы Hindenburg Research Tesla-ға бәсекелес болуы тиіс деп саналған, капитализациясы 28 миллиард долларға жеткен Nicola стартапын зерттеу жасау арқылы әшкерелеп, оның акцияларын 75 пайызға құлатқан болатын. Сол кезде шортселлерлер, оның ішінде Hindenburg Research те бар, жалпы алғанда 263 миллион доллар пайда тапқан. Шорт үлесіне қарағанда, Hindenburg Research қанжығасы кем дегенде 50 миллион доллармен майланғанын байқаймыз.

2023 жылы Hindenburg Research атақты миноритарлық акционер Карл Айканның Icahn Enterprises, Twitter негізін қалаушы Джек Дорсидің Block төлемдер компаниясы мен үнді миллионері Гаутам Аданидің Adani Group алпауытына шабуыл жасады. Сол кезде аталған компаниялардың ортақ капитализациясы 99 миллиард доллар жоғалтқан.

S3 Partners мәліметтері бойынша, Icahn-дегі барлық ашық шорттар идеалды жағдайда 56 миллион табыс бере алған. Бұдан Hindenburg Research жарысын тапты деп топшыласақ, Adani



Group бойынша 50 миллион доллардың шамасында табыс, Block пен Twitter жағдайында шамамен 5 миллион доллар пайда келген. Биржада әр нәрсенің тегін жасалмайтынын ішіңіз сезетін шығар.

Қазақтарға да кезек келді

Әлемдік алпауыттарды шертіп жүрген Hindenburg Research айналып келіп Nasdaq биржасында листингтелген Freedom Holding Corp. туралы зерттеу шығарғанын көрдік. Бірақ менің есебімше, Hindenburg Research бұдан пайда таппаған сияқты. Зерттеу материалы жарық көрген күні нарықтағы котировкалар өзгермеді. Қазіргі

таңда FRHC акциялары тек 3,22% жоғалтып отыр. Ол шортшылар үшін мүлде табыс әкелмейді.

Осы орайда Freedom Holding Corp басшысы, қазақстандық кәсіпкер Тимур Турлов бұл шабуыл турасында kursiv.media арқылы жауап берген болатын.

Ол «Hindenburg Research компаниясының FRHC бизнесіне жасаған шабуылдарының қандай да бір салдары бола ма?» деген сұраққа өз позициясын былайша білдірді: «Біздің қағаздарымыз аздап құлдырады, бірақ бұл қалыпты жағдай. Кез келген түсініксіз жағдайда кейбір инвесторлар бағалы қағаздарын сатуға тырысады. Десе де, бұл сынның әсері айтарлықтай үлкен болмайды деп есептейміз. Өйткені, бізде өз клиенттерімізбен тіл та-

бысу мүмкіндігіміз бар және көптеген клиенттер біздің компанияның акционерлері. Сондықтан да бізде клирингтік фирмаларға шоғырлану көлемі жоғары».

Шорттың өз қалыптасқан нарығы, пайда нормасы бар. 50 жыл бұрынғыдай аюлар қазіргі үлкен нарықтан өз жемтігін іздеп жүр. Солай болған. Солай жалғаса береді. Себебі, бұл биржа.



**Айбар
ОЛЖАЕВ,**
экономист
сарапшы.

БРИФИНГ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨП

Шағын және орта кәсіпкерліктің өсу көрсеткіші жағынан Алматы қаласы бірінші орында



Рая
ЕСКЕНДІР



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы төрағасының міндетін атқарушы Нариман Ибрагимов ШОБ дамыту және мегаполис кәсіпкерлеріне

қандай қолдау көрсетіліп жатқаны жөнінде, сонымен қатар кәсіпкерлерге қызмет көрсететін көпфункционалды орталықтың іске қосылғанын, онда мемлекеттік, банктік, сервистік және қаржы институттарының қызметтерін қоса алғанда, заңды тұлғаларға арналған 800-ден астам қызмет түрінің көрсетіліп жатқанын айта келе, дәл осындай екі орталық елорда мен Шымкент қаласында пилоттық режимде іске қосылғанын жеткізді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің өсу көрсеткіші жағынан жыл сайын Алматы қаласы бірінші орын алады. Бүгінде мегаполисте 380 мыңға жуық ШОБ субъектісі тіркелсе, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 323 мыңнан асты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 39%-ға жоғары. Спикер ендігі жерде көпфункционалды орталықты бүкіл ел аумағында ашу жоспарланғаны жөнінде де әңгімелеп, жобаның басты мақсаты – бизнесті қалыптастырудың барлық кезеңінде идеядан бастап, толық іске асыруға дейін



бизнес пен кәсіпкерлік бастамасы бар қазақстандықтарға қолдау көрсету екеніне тоқталды.

Шындығында, Кәсіпкерлер палатасының негізгі қызметі мен басты міндеті – бизнестің құқығы мен мүдделерін қорғау. Мәселен, өткен жартыжылдықта осы бағытта кәсіпкерлерге құқықтық кеңес беру мәселелері жан-жақты сөз болып, біршама жұмыс істелді.

– Келушілердің негізгі құқықтарын мұқият қорғап, сауатты түсіндіру нәтижесінде 2022 жылы өтініштер саны 123-тен 82-ге дейін төмендесе, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында кеңестің 10 отырысы өтті. Осы ретте 22 өзекті мәселе қаралды. Кәсіпкерлер тарапынан келіп түскен барлық сұрақтар ауқымды болғандықтан олармен жеке-жеке сөйлесу талап етілді, – деп толықтырды спикер.

Сондай-ақ, Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлесіп ұйымдастырылған «Бизнеске жол» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобалары аясында кәсіпкерлерге тегін құқықтық көмек көрсету бойынша акциясы өтті. Бұл күні мемлекеттік органдардың басшылары мен білікті заңгерлер 268 бизнес субъектісі орналасқан «FORUM» сауда-ойын-сауық орталығында кеңес берді.

Сонымен қатар, «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» шеңберінде ағымдағы жылдың қаңтар–сәуір айларында 2720 қызмет көрсетілді.

– 2022 жылы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтарында 609 қызмет көрсетілді. Кәсіпкерлік қызметті одан әрі дамыту үшін қала әйелдеріне арналған курстардың қажеттілігін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Кәсіпке бағыт» аясында кәсіпкерлер қажеттіліктері анықталып, оның негізінде бейінді оқыту жұмыстарын жүргізетін қызмет көрсетушілерді жұмысқа тартып жатырмыз, – дейді Н.Ибрагимов.

Сондай-ақ, брифинг барысында мегаполис әуежайындағы такси тарифтері туралы да сөз болды.

Өз кезегінде спикер Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының жанындағы Туризм кеңесі қала әуежайындағы такси қызметтерінің құнына талдау жүргізіп, заңсыз такси жүргізушілер мәселесінің реттелгені жөнінде айтып өтті. Бұл тұрғыда салалық комитетпен тарифтер ұсынылып, әуежай аумағында такси бағалары көрсетілген тиісті стендтер ілінді.

– Туристтік маусым айының басында, екі апта ішінде жұмыс тобы таксиге тапсырыс беру қызметтерін ұсынатын AparaTaxi, Region, Yandex Taxi, Uber, Blue Sky Energy және т.б.

құнын талдап, сапардың орташа бағасы есептелді. Жолаушыларды тасымалдау тарифтері бастапқы және баратын пунктке дейін қашықтыққа әрі такси класына байланысты 1200-ден 12000 теңгеге дейін өзгереді. Ең жоғары жол құны әуежай терминалынан «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортына дейінгі таксидің премиум-сегментінде көрсетіледі, – деді спикер.

Жалпы, Алматы қаласының туризм жөніндегі Кеңесі құрамына мегаполистің кәсіпкерлер Палатасының, Авиациялық көлік прокуратурасының, Алматы қаласы туризм басқармасының, Алматы қаласы халықаралық әуежайының, Түркісіб ауданы ІІБ ЖПҚ, Алматы қаласы мемлекеттік кірістер департаментінің, Алматы қаласы ІД-нің, Қазақстандық туристік қауымдастықтың, Алматы қалалық ТЖК өңірлік палатасының өкілдері енді. Өңірлік палата жанында туризм, креативті индустриялар, білім беру, денсаулық сақтау, көлік және логистика, құрылыс салалары бойынша 6 салалық комитеті өкілдері бар.

Мұндай салалық комитеттер бизнес-қоғамдастықпен, мемлекеттік билік органдарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында, сондай-ақ бизнес субъектілерінің қызметін дамыту және мәселелерін шешу үшін құрылып отыр.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталады

Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарлануда. Іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді болады.

Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, қазақ тілін меңгерген (B1 деңгейінен төмен емес) Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Биыл іріктеу келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;
- Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;
- Сыртқы саясат және инвестициялар;
- Экономикалық және қаржылық саясат;
- Цифрландыру;
- Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:

- Кұжаттарды қабылдау;
- Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;
- Ситуациялық тапсырмаларды шешу;
- Құзыреттерді бағалау (Assessment center және HR-сұхбат);
- Сарапшылық комиссияда әңгімелесу;
- Ұлттық комиссия отырысы.

Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады. Жеңімпаздар желтоқсанда жарияланады.

КЕЗДЕСУ

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҮЙІНЕ СЕНАТОР КЕЛДІ

ҚР Сенатының депутаты, химия ғылымының докторы, профессор Алтынбек Нухұлы отбасымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйіне келді.

Музей-үйдің сайтында жарияланған хабарландырудан құлақтанған көпшілік Сенат депутатымен жүздесу үшін арнайы келді. Ғалымдар, зиялылар көкейкесті сауалдарын қойып, депутатпен диалогтасты.

Сенат депутаты қонақтармен бірге Ахмет Байтұрсынұлы саябағындағы ғалымның еңселі ескерткішіне тағзым жасағаннан кейін музей-үйге оралып, кездесушілермен бірге музей жәдігерлерімен танысып, музей залдарын аралады. Қазақ ғылымына еселі еңбек сіңірген арыстар мен зиялылардың ұлықталуы туралы әңгімелесті.

Сенат депутаты Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің ұжымына алғысын айта келе, алдағы уақытта жарық көруі тиіс музей-үйі жетекшісі Райхан Сахыбекқызымен бірлескен Ахметтану анықтамалығы туралы жобаның дайындығын пысықтады.

Жүздесу соңында іс-шараға келгендерге ғалым өмірін қамтыған кітап сыйға тартылып, Ұлт Ұстазы портреті алдында естелік суретке түсті.

Әділет АХМЕТҰЛЫ,
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі
бөлімінің меңгерушісі.



ЖАҢҒЫРТУ

«МЫҢ ТАМШЫ» тарихи субұрқағы қалпына келтірілді



Алматы қаласы Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының хабарлауынша, ҚБТУ жанында орналасқан «Солтүстік» (Северный) скверіне реконструкция жүргізілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сквер аумағында бетон плиткалары төселді, отандық өндірістің шойын тіректері мен шамдары орнатылды, суару жүйесі қалпына келтірілді, қосымша резервуар орнатылды. Көгалдандыру жұмыстары барысында қарағай, каштан, сәндік арборвита, раушан және басқа да гүлдер отырғызылды. Реконструкциялау қаланың тарихи-мәдени мұрасының, оның ішінде «Мың тамшы» субұрқағының бейнесін сақтауды ескере отырып жүргізілді.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары барысында барлық құбырлар, саптамалар мен арматуралар ұзақ мерзімді пайдалану нәтижесінде істен шыққандығы анықталды. Коррозия нәтижесінде құбырларда ағын пайда болды, тұздардың тұндырылуы, бұл су саңылауларының бітелуіне әкелді. Осыған байланысты құбыр жүйесі мен сорғы қондырғысы, субұрқақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сыртқы желілер толығымен ауыстырылды. Субұрқақтың гранит жабыны да қалпына келтіріліп, жарықтар мен ойықтар жойылды.

Айта кететін жәйт, келісім-шартқа сәйкес мердігер ұйым екі жылға дейінгі мерзімге жүргізілген жұмыстарға кепілдік міндеттеме алатын болды.

ДӘРІС

ИНСУЛЬТ ЖАС ТАЛҒАМАЙ ТҰР...

Инсульт кеселі де ағайынды алаңдататын ауру. №36 қала-лық емхананың салауатты өмір салты дәрігері Қанымкүл Құрбанова осы тақырыпты денсаулық сабағын өткізді.

Дәріске қатысқан қарапайым тұрғындар инсульттің пайда болу себептері, оның алғашқы белгілері және инсульт қаупін азайту жолдары туралы білді. Оларға сабақ интерактивті тақта арқылы жүргізілгендіктен, бәрі қолмен қойғандай, ұғынықты, түсінікті болды. Қатысушылар дәрігерге өздерін мазалаған сауалдарын қойып, жеке кеңестер алды. Маман оларға өз денсаулығына қамқорлық жасау жолдарын да айтып, пайдалы ақпараттар айтты.

Инсульт – тамырдағы қан ағымының нашарлауы немесе қан арнасы қабырғасының жарылуы нәтижесінде пайда болатын қан айналымының өткір бұзылуы. Қазір адамдарға инсульттің алдын алу жолдарын білу маңызды.

Мида қан кетудің негізгі себебі – қан қысымының күрт өзгеруі. Сондықтан қан қысымының деңгейін бақылау да аса маңызды, оның қалыпты мәні: систоалық («жоғарғы») – 130-дан жоғары және диастоалық («төменгі») – 90-нан жоғары болмағаны дұрыс.

Инсульт шылымқорларда салауатты өмір салтын ұстанатын адамдарға қарағанда екі есе жиі кездеседі екен. Өйткені, никотин ми қан тамырларын тарылтады және тамыр қабырғасының серпімділігін төмендетеді. Қолыңыз жағдайда тамырлар қан қысымының күрт көтерілуіне және жарылуына төтеп бере алмай қалады.

Атеросклеротикалық түйіншектердің пайда болуының алдын алу ишемиялық инсульттің алдын алудың негізгі аспектісі екенін де білген жөн. Тәуекел тобына жататын науқастар қандағы липидтер құрамын кем дегенде жарты жылда бір рет тексергені абзал. Қандағы глюкоза деңгейін үнемі тексеріп отыру да маңызды, ал егер еш шағымыңыз болмаса, алты айда бір рет тексерілсе болады.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАТАҚХАНА

Алматыда студенттерге арналған дағдарыс орталығы іске қосылды

Жаңа оқу жылы қарсаңында студенттерге арналған дағдарыс орталығы іске қосылды. Мұндай орындар еліміз бойынша Астана, Алматы және мен Шымкент қалаларынан ашылды.

Ғылым және жоғары білім министрлігі өкілдерінің айтуынша, биыл үш мегаполисте алғаш рет дағдарыс орталығы жұмысын бастады. Астана мен Алматыда 30, ал Шымкентте 20 орынға лайықталған. Бұл жерде студент жатақханаға орналасқанша 1-2 күн түнеп шыға алады. Ешкім далада қалмайды.

«Оған қоса, әрбір жоғары оқу орнының жанынан ахуал орталығы да құрылды. Мұның барлығы үлкен қалаларға білім іздеп

келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін жасалып жатыр», делінген Ғылым және жоғары білім министрлігінің Телеграм каналында.

Студенттер жатақханаға өтінішті онлайн түрде жібереді. Жауабы 1 күн ішінде беріледі. Ал жатақхана жетпеген жағдайда хостелге орналастырады. Алматы қаласы бойынша қыркүйекке дейін жанасы бар, қайта жасалғаны бар 5 жатақхана қолданысқа беріледі. Бұл дегеніміз, 1600-ге жуық орын. Оған қосымша жыл соңына дейін дәл осындай 14 нысанның құрылысы аяқталып, 4 мыңға тарта студент жатақханаға орналасады.

Еске сала кетейік, жатақханада тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар мен мүгедектігі бар студенттерге өтемақы төленеді. Оның көлемі – жылына 29 айлық есептік көрсеткіш.



ӨНЕР

Ботагөз Төлеш бейнелеу өнерінің бірнеше бағытын қатар алып жүрген, дәлірек айтсақ, гобелен, графика және кескіндеме жанрларында өзіндік айшықты қолтаңбасы қалыптасқан дарынды суретші, әрі ұстаз. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. 40-тан астам гобеленнің авторы. Өз елімізден бөлек, жеке көрмесі Болгария, Түркия, Польша мемлекеттерінде өткен.

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Гобеленші Ботагөз Төлештің шығармашылығы туралы бірер сөз

ХАТ КЕЛДІ

Ботагөз бала күнінде қуыршақтарының үстінде киім болса да, оларға өз қиялымен көйлектер тіккенді жақсы көретін. Нәп-нәзік майысқан саусақтарынан ине-жібі түспейтін. Өнерді беріле сүйгені сөзсіз әкенің қанымен, ананың сүтімен берілгені анық. Әкесі Шоқан Төлеш – Қазақстанға белгілі атақты мүсінші. Ал анасы Таужан Есбергенова – XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі Райымбек батырдың алғашқы образын, портретін салған суретші, сол атағымен Қазақстан энциклопедиясының жинағына да кірген.

Ботагөз орта мектептен соң Алматыдағы республикалық көркемсурет орта мектеп-интернатына оқуға тапсырады. Қорытындысы бір айдан соң шығатын. Ол тұста бүгінгідей телефон, WhatsApp деген жок, хабар-ошардың бәрі хатпен келетін. Бір айдан соң үйге өзгеше хат келді. «Құрметті Төлешев Шоқан! Сіздің балаңыз біздің мектепке қабылданды» деген мәтіндегі хат жолдары арманшыл қыздың алдағы ғұмырына қос қанат байлап берген болатын сонда. Сол сәттен бері Ботагөз өнерге аппақ жүрегімен адал болып келеді. Бүгінде сарғыш тартқан сол бір тілдей хат суретшінің жүрек тебірентерлік естелігі болып әлі күнге сақтаулы.

БІР БЕЛЕС

Өнер мектебінен кейін өнер колледжіне оқуға түсіп, оны тәмамдап, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына қабылданып, «көркем тоқыма» мамандығын алып шығады. Қадамын өнер жолының төменгі баспалдағынан бастап, қыр-сырын меңгеріп, жоғарыға көтерілген қыз бірден жеке шығармашылығына түрен салып, ал екі жылдан соң ұстаздық ете бастайды. Бүгінде бейнелеу өнерінің әртүрлі бағытында шәкірт тәрбиелеп жүргеніне де талай жылдың жүзі болыпты. Осы жылдар аралығында өзінің сабақ беру методикасы да қалыптасып үлгерген. Әрине, суретші, ұстаз болып қалыптасуына әкесінен, колледж, университеттегі ұстаздарынан алған білім-білігі көп көмегін тигізді. Шәкірттері де бүгінде өнер биігінен көрініп, үлкен белестерді бағындырып жатса, қоғамның дамуына, жастардың өрлеуіне мен де үлесімді қосып жүрмін деп мақтанса да еш айыбы жоқ. Қазірдің өзінде бірнеше дипломдық жұмыстарға жетекшілік етіп, жастарға гобелен тоқу, батик, киіз басу сынды қазақтың басқа да ұлттық дәстүрлі өнерінің біразын үйретіп, біраз шәкіртін өнер көгіне ұшырды.

БАЛАПАНЫМ

Ботагөз Төлешті шығармашылық ортада танымал ете түскен гобелен техникасымен жасалған «Құстар» топтамасы. Осы топтамадағы ең алғашқы жұмыстарының бірі – 2004 жылы орындаған «Балапаны». Сары балапан бейнесі гобеленнің дәл ортасында емес, шеткерірек орналасқан. Суретші бергі жағындағы кеңістік арқылы кішкентай өреннің арманын, алға қойған мақсаттарын көрсеткісі келген сынайлы. Және де бұл тұстағы түрлі-түсті бояулар жылы, ашық, жұмсақ, көзге жайлы. Яғни бұл жылылық періште баланың әлі де пәк, тап-таза, аппақ ой-арманын сипаттап тұрғандай. Бұл жұмыстың жалпы кеңістігі ақшыл қоңырқай түстермен көмкерілген. Сол кеңістіктегі нүкте секілді өте майда бояулар да балдырғанның бұл әлемде әлі де көретін, сезінетін, білетін дүниелері көп екенін аңғартатындай. Бұл жұмыста ұштары үшкір және ирелендеген бейнелерді де байқаймыз. Бұл өмірдің құбылып тұратын әр сәтін, кезеңдерін білдірсе керек.

Дәл осы «Балапаннан» соң суретші одан әрі шабыттанып, «Құстар» топтамасының қатарын көбейте түсті. Одан кейінгі «Мейрам» жұмысында енді балапаны мен анасы бірге ұшып келе жатыр. Күн сәулесі айнала-



ға нұрын молынан төгіп, шуағын шашып тұр. Ананың мейірімі де күн сәулесі секілді ғой, айналасын әркез жылылыққа бөлейді. Бұл композицияда екі кейіпкердің құрылымы жағынан сол жақ тұстан оңға қарай ұмтыла, ұшып келе жатқан сәтін байқаймыз. Біздің қазақта «оңынан тусын», «оңынан болсын» деген жақсы тілек бар ғой. Сондықтан Ботагөз анасының балапанын оңға, күн жаққа қарай, көкке самғауға алып бара жатқан сәтін шебер бейнелепті. Тағы бір маңызды деталь – мұнда балапанның бейнесі анық емес, әлсіздеу сомдалған. Өйткені, ол әлі де қанаты қатаймаған, балаң балдырған іспетті балапан. Ботагөздің гобелендерінде бояулар біртұтас, толық болып келетінін байқадық. Ал осы «Мейрам» гобеленінде бір түс екінші түске жұмсақ ауысып, алмасып, бір-бірімен үндесіп, ойнап жататындай. Бұл ана мен баланың арасындағы махаббатты, жылулықты, мейірімді көрсету үшін жасалған тәсілдердің бірі деп қабылдадық.

ҚҰСТАР САЙРАҒАНДА

Ал «Саябақтағы құстардың» идеясы Ботагөздің жолай шағын ғана саябаққа кірген сәтінде туындаған болатын.

– Мен, шынымды айтсам, саябақтан құстарды мүлдем көрмедім. Бірақ құлағымға ағаштар арасындағы құстардың түрлі дыбыстар шығарып сайраған, ән салған дауыстары келді. Сол сәт жанымға ерекше бір әуен кұйылып, тыныштық құшағында тербелгендей әсерде болдым. Әсерленгенім соншалық,



алдымен, иедясының эскизін сызып алады. Сосын бояуын іздейді. Одан соң керекті құрал-жабдықтарын, түрлі жіптерін дайындайды. Гобеленнің станогын, картон дайындау, жіптерін керу сынды жұмыстарының өзі көп уақытты алады. Бір сантиметрінің өзін тоқуға бір-екі сағат кетеді. Ал тұтас бір композицияны жарты жыл, тіпті 9 ай, бір жыл тоқыған кездері бар. Кей адамдар жұмысын қымбатсынып жатады. Ал оның арғы жағында қаншама жанкешті еңбектің жатқаны қолөнершіге ғана аян.

«Метаморфоза» деген композициясында әлемнің шексіздігін, оның үнемі жаңарып отыратынын жеткізгісі келеді. Ал «Айқайы» қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерге, әділетсіздіктерге ашынған жанның жанайқайын көрсетеді. «Алтын бағыт», «Әлем», «Жаңару» гобелендері де жаһанның, қоғамның бір-бір жүгін көтеріп тұр.

ЕРКІН ОЙЛЫ ҚЫЗ

Бір қызығы, ата-анасы оған ешқашан «адал, еңбекқор, жақсы адам болғын» деп сөзбен айтқан емес, олар ол құндылықтың бәрін өздерінің іс-әрекеттерімен, бір-біріне, ұл-қызына деген сүйіспеншілігі арқылы дарыта білді. Өнер адамы еркіндіктің адамы ғой. Сондықтан әке-шешесі Ботагөздің еркіндігін ешқашан шектемеңті. «Жүрегің нені қалап тұр, соны істегің» дейтін әкесі ылғи. Қазір өз ұлына да сол әдісті қолданып жүр. Және одан ұтылған жері жок.

– Болдым, толдым деп айтпаймын өзімді. Шығармашылық адамы үнемі ізденісте жүретін жан ғой. Ізденуден жалықпаймын. Колледжде, университетте сабақ беремін, балаларды бейнелеу өнеріне баулитын студиям бар. Бұлайша тізіп айтып жатқаным, сол қарбаласқа толы жұмыстардың арасында жүрегімнің түкпіріне ой-пікірлерімді құндақтап, шабытымды шыңдап жүремін. Былай қарағанда, сырт адамға күнделікті жұмыста жүрген адам сияқты көрінетін болармын дегенім ғой. Ал шын мәнінде, мәселен, ана баласын құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп жүреді емес пе. Біздің шығармашылық процесс те дәл сондай. Туындымыздың негізгі өзегі әуелі миымызда жылт еткен ой болып, одан кеңейіп, бүтін идеяға айналып, сосын қағазға эскиз болып түсе бастайды. Ол сосын кейін гобелен, әлде графика бола ма, әйтеуір сыртқа бір шығады, – дейді кейіпкеріміз.

СЫЙЛАСТЫҚ

Ботагөз бала күнінде рояльда ойнауды қатты армандайтын. Бірақ музыкалық әуенді қабылдау қабілеті төмендеу болғандықтан, музыка мектебіне түсе алмаған-ды. Бірақ аяулы арманына жете алмаса да, музыкалық аспаптарды өз жұмыстарында молынан бейнелеп жүргеніне, сөйтіп бала арманының ішінде тұншығып қалып қоймағанына қуанады бүгінде.

Адамдармен қарым-қатынаста сыйластықты жоғары бағалайды. Адамдардың бәрін сыйлауға, құрметтеуге тырысады. Бәріне адал болуға ұмтылып жүреді.

Иә, Ботагөздің өмірлік ұстанымы – шыншыл болу. «Шындықтың тілі қарапайым келеді. «Ақиқаттың кемесі сынбас» деуші ме еді, шындық ашы болса да, ол бізді әркез адалдыққа бастап отырады. Шәкірттеріме де, жас буынға жиі айтып отыратын сөзім осы. «Мамандықтарыңды сүйіндер, жетік меңгеріндер, көп еңбектеніндер, ізденіндер, сонда ғана әр саланың шыңына сөзсіз жетесіндер» деймін», – деді ол сөз соңында.


Біз осы қасиетті шыншыл қыздың шығармаларынан да көргендей болдық. Армандарға жетелейтін құстарыңызбен бірге биікке самғай беріңіз, Ботагөз!

Нұржамал
ӘЛШЕВА,
журналист.





Тамыз айында әлем бойынша Өкпе обырына қарсы күрес күні атап өтіледі. Алматыда да 17 тамыз күні өткен баспасөз-конференциясы осы атаулы күнге орай ұйымдастырылған еді. «Еркін тыныс ал», міне бұл аталған шараның тақырыбы әрі көтерген ұраны болды.



БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«ЕРКІН ТЫНЫС АЛ»:

мамандар өкпе обырына қарсы күресуге шақырады



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Естай
БОЖАН

САЛАУАТТЫ ӨМІР ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Қатерлі ісік – қазіргі медицина тап болып отырған ең үлкен мәселенің бірі. Соның ішінде өкпе обыры өзге түрлеріне қарағанда ең көп таралған әрі өлім деңгейі жоғары түрі саналады. Өкпе қатерлі ісігі Қазақстанда ең көп кездесетін онкологиялық кеселдердің 10 пайызын иелейді. Яғни сүт безі обырынан (13,2%) кейін екінші орында тұрады. Бірақ өлім қатері жағынан бірінші орында тұрған онкологиялық кесел саналады. Елімізде жыл сайын 3500-ге жуық адам осы қатерлі сырқатқа шалдығады. Бұл сырқат әр күні 6-7 қазақстандықтың өмірін қияды. Ал әлемде әр секунд сайын бір адам осы аурудан көз жұмады.

17 тамыз күнгі арнайы баспасөз-конференциясында ұйымдастырушылар шараны Шымбұлақ курортында өткізді. Теңіз деңгейінен 2500 метрге жуық биіктікте өткен шара БАҚ өкілдері үшін тыныс алу жүйесінің адам денсаулығына қаншалық маңызды екенін ұғынуға көмектесті.

Шарада Қазақ Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының сала мамандары Рабиға Қадырбаева, Қалдыгүл Смағұлова және «АстраЗенека Ю-Кей Лимитед» ЖАК Қазақстандағы

өкілдігінің директоры Мария Шипулева қатарлы мамандар спикерлер ретінде қатысты. Олар БАҚ өкілдерімен өкпе обырының әлемдегі және еліміздегі деңгейін, тыныс алу жүйесінің ақаусыздығын салауатты өмір сүруде қаншалық маңызды екенін талқылады.

ШЫЛЫМ ШЕГУ ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ШАЛДЫҚТЫРАДЫ

Баспасөз конференциясында мамандар ұсынған деректерге қарағанда, өкпе обырының екі негізгі себебінің бірі – шылым шегу. Шылымға азырақ тәуелді деген адамдарда да бұл қатерлі сырқатқа шалдығу мүмкіндігі жоғары болып келетіні де айтылды. Сондай-ақ, мамандар өкпе қатерлі ісігінің денедегі дамуы жеке генетикалық сипатқа да қатысты болатынын айтты.

Медицина саласы үшін бұл қауіпті аурумен күресудегі ең үлкен қиыншылық не?

Әдетте медицина мамандары бұл ауруды 4 кезеңге бөледі. Соңғы екі кезеңінде науқасты емдеп жазу қиынға соғады. Спикерлердің айтуынша, аурудың алғашқы кезеңі көп жағдайда симптомсыз болып келеді, міне бұл ауруды анықтау мен оған қарсы күресудегі басты қиыншылығы. Алғашқы кезеңінде науқастардың тек 6 пайызы ғана анықталып отырған. Өкпе обырының басым көпшілігі тек аурудың кейінгі, қауіпті кезеңдерінде ғана анықталып жатады екен.

ДӘРІГЕР КӨМЕГІНЕ ЕРТЕРЕК ЖҮГІНУ КЕРЕК

Өкпе қатерлі ісігінің елімізде жыл сайын көбеюіне бірқатар себептерді сала маманы Рабиға Қадырбаева былай деп көрсетеді: «Қауіпті аурудың дамуына әсер ететін көптеген факторлар бар. Экологиялық жағдай, темекі шегу, сондай-ақ генетикалық факторлар аурудың пайда болуына себеп болуы мүмкін». Бұған қоса,

Рабиға Есенғалиқызы: «Көбінесе өлім-жітім жағдайы кеселдің кеш анықталуының салдары болып табылады. Өкпенің қатерлі ісігі туралы хабардарлықты арттыру, онкологиялық сақтыққа тәрбиелеу және пациенттермен жұмыс жасау, оларды аурумен күресуге бейімдеу өте маңызды», – деген пікірімен бөлісті.

Оның айтуынша, қазір еліміздегі дәрігерлердің бұл аурудың қауіпті кезеңдерімен күресуде де мүмкіндіктері артып келе жатыр. Сондықтан азаматтардың ауруға сақтықты және шалдыққан жағдайда ертерек арнайы дәрігерлердің көмегіне жүгінуі маңызды. Бұл және еліміздегі осы аурудың деңгейін төмендетуге де әсер ететін маңызды фактор дейді маман.

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТЫҚТЫ ДАМУҒА ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қазақ Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының химиотерапия күндізгі стационары бөлімшесінің меңгерушісі Қалдыгүл Кабақызы бұл қатерлі сырқаттың алдын алуда екі негізгі бағыт бар дейді. Бірі – адамдардың шылымға деген тәуелділігін азайту, былайша айтқанда темекі шегуге қарсы күресу; ал екіншісі – салауатты өмір салтын ұдайы насихаттау. «Еліміздің тұрғындары арасында онкологиялық сақтықты дамыту ерекше қолдауды қажет етеді. Әрбір қазақстандық өзінде және жақындарында тұрақты жөтел, кеуде мүшелерінің жиіленген инфекциясы, тыныс алудың қиындауы, енгізу, ысқырықты сырылдар, қан түкіру, кеудедегі ауырсыну, айқын әлсіздік сияқты белгілердің пайда болуына назар аударуы тиіс», – деп санайды Қ.Қабақызы.

Аты жаман ауруға қарсы күресудің өнімділігі тұрғысынан сала мамандарының пікірі бір жерден шығады. Яғни уақытылы анықталған ауру – жеңістің кепілі. Сондықтан азаматтардың өз денсаулығына, әсіресе, тыныс жолы жүйесінің ақаусыздығына ұдайы назар аударып отыруын сұрайды.

ЕРТЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ МЕН ЕМДЕУ ӨЗЕКТІ

Айта кетейік, Өкпе обырына қарсы күресті Қазақ Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты мен «АстраЗенека» компаниясы бірлесіп ұйымдастырған. Бұл салада екі ұйым арасында тығыз әріптестік орнатқан. Компания өкілі Мария Шипулеваның айтуынша, бұл жағында екі бағыт бойынша жұмыс істеп жатыр. Бірі – қауіпті ауруға қарсы препаратқа қол жеткізу, екіншісі – диагностиканы жақсарту. Елімізде аталған компания жағынан өкпе обырына қарсы мақсатты және иммундық терапиясы үшін екі препараты тіркелген.

Аты жаман сырқат елімізді күн сайын азаматтардың өмірін жалмайды. Әрі түрлі факторлардың әсерімен ауру қолайсыз бағытқа дамуда. Сондықтан мамандар ел азаматтарын өкпе обырына қарсы ортақ күресуге шақырып отыр.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

АЛАЯҚ РИЭЛТОРЛАР

баспана іздеген студенттерді тақырға отырғызады

Басқа өңірлерден келген студенттер, жұмыс істейтін жастар осы кезде ыңғайлы әрі арзан бағада жалға алу үшін пәтер іздей бастайды. Мұндай сұраныс дәл осы кезеңдегідей болмайды. Оқу жылының алдында студенттердің келуіне байланысты тұрғын үйді жалға алу бағасының өсуі қалыпты жағдай. Баспана қамымен риэлторлар көмегіне жүгінетіндер де көбейеді.

Риэлтор – жылжымайтын мүлік нарығындағы жол сілтеуші делдал. Тұтынушыны жалға алатын немесе сатып алатын пәтер иесімен байланыстырып, уақытын үнемдеп, жайлы, көңілі қалағандай баспана тауып береді. Әрине, соған сәйкес еңбегінің ақысын талап етеді. Қазір сенімді риэлтор табу қиын. Алаяқ риэлторлардың әрекетінен салаға күдікпен қарайтындар да көбейген. Бұл қызметтің басым бөлігі Астана мен Алматы қалаларында көрсетіледі. Алаяқтардың құрығына ілініп, сан соғып қалатындардың дені осы қос қалада жиі кездеседі. Көбінің алдау тәсілі мынадай: әлеуметтік желі арқылы арзан пәтерді суретімен жарнамалап, тұтынушыдан қызмет ақысын алдын ала төлеуді талап етеді. Өзі қалаған қаражатты алғаннан кейін не баспана жоқ, не ақша жоқ байланысты үзіп, ізін суытады. Пәтер іздейтін арнайы сайттарға жүктелген үйдің суреттерінің төменгі жағына үй иесінің нөмірі жазылып тұрады. Бірақ хабарласа қалсаңыз, үнемі үйдің иесі емес, риэлтор болып шығады. Негізі риэлтордың міндеті – пәтер іздеушінің талап-тілектерін ескеріп, қажетті баспана тауып беру. Ал оған арнайы келісім-шарт керек пе? Риэлторлардың жұмысы қалай жүргізіледі?

Делдалдық қызмет көрсететін мамандардың айтуынша, жалға беруде ешқандай келісім-шарт болмайды. Ал сатып алуда және сатуда арнайы келісім-шарт болады. Себебі, ол – ұзақ жүретін процесс. Жалға беруде тұтынушымен ауызша келісім жасалады. Бәлкім, «риэлтормын» деп алаяқтыққа баратындардың жиі кездесетіні осыдан болар. Қалада қызметтің бұл түрі



мен айналысатын бірнеше компания бар. Бірақ бірен-сараңында қызмет көрсетуге рұқсат құжат бар.

Заңгер Лаура Ербаеваның айтуынша, алаяқ риэлторлардың алдау жолы белгілі. Олар krisha.kz және olx.kz сынды сайттарға клиенттердің назарын аудару үшін жайлы және бағасы арзан пәтер суретін салып, оның құнын нақты нарықтық бағадан төмен етіп көрсетеді.

«Жалған жарнамаларды анықтау қиын емес. Олар көбіне пәтер туралы толық ақпарат салмайды. Яғни қай қабатта орналасқанына, пәтер ауданына, суреттеріне мұқият мән берсеңіз, ғаламтордан алынған тым әдемі суреттер болады немесе басқа пәтердің суреттерін көшіріп алып, өз телефон нөмірін жазады. Маған заңгерлік кеңес алуға жүгінген тұтынушының мәселесін айта кетейін. Ол olx.kz сайтынан жалдамалы пәтер берілетіндігі жайлы жарнаманы көрген. Бағасын, пәтер суреттерін көріп ұнатқан соң риэлторға хабарласады. Риэлтор өз тарапынан қызметіне тездетіп алдын ала төлем жасамаса, басқа біреуге беретінін айтқан. Құжаттарын сұрағанда басқа біреудің төлқұжаты мен жасанды сертификат жіберген. «Арзан пәтерден айырылып қалам» деп қорыққан

тұтынушы ойланбастан ақшаны алаяқ шотына салып жібереді. Қайта хабарласса, телефоны өшірілі. Заңсыз риэлторлардың негізгі құрбандары – студенттер мен жастар», – дейді заңгер.

Риэлторлық қызмет көрсету де кәсіпкерлікке жатады. Сондықтан онымен айналысу үшін міндетті түрде Жеке кәсіпкер немесе ЖШС ретінде тіркелген болуы керек. Ресми тіркелген құжаттарын, жеке куәлігін, сенімхат сұрау маңызды. Көрсеткен құжаттар бойынша тұтынушы uark.kz сайтынан риэлтор ретінде тіркелген-тіркелмегенін тексере алады.

Құжатта 2 тараптың да құқықтары мен міндеттері қалай жазылғанына мән беру керек. Қызмет түріне не кіреді? Құны қанша? Қызмет уақытымен немесе мүлде көрсетілмей қалған жағдайда тұтынушының ақшасы қалай қайтарылады? Өкінішке қарай, риэлтор қызметі заңмен реттелмеген. Қазақстан ұлттық риэлторлар ассоциация тарапынан заң жобасы ұсынылуда. Егер тұтынушы пәтер алаяқтарына алданып қалған жағдайда дереу қолында бар құжаттарды (смс жазбалары, телефон нөмірі, аты-жөні, ақша аударған шот түбіртегі, тағы басқа дәлелдер) көрсетіп алаяқтық бойынша іс қозғау үшін құқық қорғау

Райхан ҚАЛЫМБЕТОВА,
риэлтор:

– Осы айда пәтер бағалары өсті. Банктер ипотека алу жолын қиындатып жіберді. Тұтынушы мен үй иесінің жұмыстарын жеңілдетіп, соған сай ақысын алатын қызмет көрсетуші тұлға – риэлтордың қызметін көбі дұрыс білмейді. Біз үй иесінің құжаттарын толық тексереміз. Дұрыс емес тұстарын нұсқап, қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесеміз. Өйткені, біз нені, қай кезде не істеу керектігін жақсы білеміз. Содан кейін үйге барып, бөлмелерді суретке, бейнетаспаға түсіріп, тұтынушылар көре алатын арнайы сайттарға, әлеуметтік желіге жүктейміз. Тұтынушылар хабарласса, арнайы кездесу уақытын белгілеп, сату бойынша жұмыстарды бастаймыз. Бізге көбіне тұтынушылар қызметімізді ұнатқан таныстары, туыс-туғандары арқылы естіп келеді. Көбіне тұтынушылардың өздері салғырттық танытып жатады. Тұтынушылар да, үй иелері де риэлтордың сенімді екеніне көз жеткізбей жатып, құжаттарды тексерместен ақшасын алдын ала аударады. Келісім-шартты соңына дейін оқымай, бірден қол қоя салатындар да бар. Бүге-шігесіне дейін сұрап, тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз.

органдарына жүгіну керек. Егер осы іс бойынша алаяқ табылып, қылмысы дәлелденген жағдайда қылмыскерге айыппұл салынып немесе 2 жылдан бастап қылмыс ауырлығына баланысты 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Жауапкершілігі төмен риэлторлардың кесірінен халық делдал қызметіне күдікпен қарайды. Бірақ көпке топырақ шашудан аулақпыз. Өз ісіне жауапты, тұтынушыға адал қызмет көрсететін риэлторлар да жоқ емес. Бірнеше жылдан бері делдалдық қызмет көрсететін маманның айтуынша, қалада 20 жылдан астам уақыт осы салада жүрген, мыңдаған тұтынушының алғысын алған тәжірибелі, сенімді мамандар көп.

БРИФИНГ

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ:
баға және болжам

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте сарапшылар қаражаты бар және пәтер сатып алғысы келетіндерге нарықты бақылап отыруды ұсынады.

Нина ЛУКЬЯНЕНКО, Қазақстан Біріккен Риэлторлар қауымдастығы президентінің кеңесшісі:

ПӘТЕР БАҒАСЫ ӘЛІ ДЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Қазір жылжымайтын мүлік нарығының 80% ипотекалық несие алу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан барлығына «Отбасы банкіндегі» жинақтау жүйесіне назар аударуға кеңес беремін. Пәтерлер қымбат десек те, оларды сатып алу мүмкін, әсіресе құлдырап бара жатқан нарықта. Әрине, бұл ешкімге құпия емес. Жақын арада тоқырау күтіп тұрғанын болжап айтқанмын. Біз бағаның төмендеуін көріп отырмыз. Қазір құрылыс салушылар келісім-шарттармен бәрі дұрыс деуде. Бірақ олай емес. Бағаның нақты төмендеуін байқаған кезде жарнамалық ұсыныстардың саны мен көлемін байқаймыз. Бірнеше құрылыс салушылар шілде айының басында акциялар жариялап, жеңілдіктер жасады. Мұны баға төмендеуі деп айтпасақ енді қалай атаймыз?! Бүгінгі таңда көптеген құрылыс

салушы банктермен бірлесе отырып, бастапқы жарнаны 10 пайыз етіп жеке бағдарламалар жасауда. Көптеген құрылыс компаниясы бөліп төлеуді ұсынады. Егер бұрын бөліп төлеу құрылыс аяқталғанға дейін ұсынылса, қазір 40 айға дейін беріледі. Қазір тұрғын үй нарығында сұраныстың көптігінен бағаның кері кетуі байқалады. Тұрғын үй нарығын не күтетінін ұзақ мерзімді перспективамен қарайтын болсақ, табиғи өсім, көші-қон өсімі, инфляция өсуде, сондықтан менің болжамым бойынша алдағы 3–5 жылда пәтер бағасы әлі де көтеріледі. Бағалар жақын арада шартты түрде 10–15% көтеріледі. Тамыз айында көтерілген баға қазан айында кенеттен төмендейді деуге де болмайды. Себебі, студенттер кем дегенде мамыр айына дейін болады. Олар қазір пәтерді ай сайын жалға алмайды.



Орынбасар САТАЕВ, Қазақстанның өзін-өзі реттейтін Риэлторлар қауымдастығының мүшесі:

СОТҚА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ

Егер жалға алушы Қауымдастыққа мүше компаниялардың құрбаны болса, біз ішкі қызметтік тексеру жүргізіміз. Бар жағдайды, екі тарапты да талдап, тексереміз. Бұл уақытқа дейін бізде ондай жағдайлар тіркелген жоқ. Жалпы, Қауымдастыққа мүше болудың өз шарттары және де барлық серіктес компания жұмыс барысында қолданатын өз кодексіміз бар. Басқа жағдайда, алаяқтық құрбаны сотқа жүгінуі керек. Астана мен Алматы сияқты ірі қалаларда алаяқтарға тап болмас үшін біздің қауымдастықтың сайтына кіріп, тексерілген компаниялар мен агенттіктердің тізімімен танысуға болады.

КЕРЕК КЕҢЕС

Ең алдымен, сіз жылжымайтын мүлікпен танысып, қандай да бір келіссөздер жүргізген кезде, бұл депозит немесе жалдау шарты болсын, сіз кіммен келіссөз жүргізіп жатқаныңызды білуіңіз керек. Кез келген келісім-шарт, мейлі, ол депозит болсын, мейлі жалдау шарты болсын, ол меншік иесінің өзімен жасалуы керек. Жалға алушылар мен сатып алушылар пәтер құжаттарын сұрап қана қояды, жеке куәлікті де сұрау маңызды. Пәтер құжаттарын тексеру сол пәтер иесінің жеке куәлігінен басталатынын түсінуге тиіс. Көбі мұны ескермейді.

Екіншіден, кез келген келісім жазбаша түрде болуы керек. Егер құжатқа екі тарап қол қойса, онда оның толық заңды күші болады. Нотариалды куәландырылған келісім-шарттың ғана негізі болуы мүмкін деп ойлау – қате түсінік. Риэлтордың қызметінен ақша үнемдегісі келетін жалға алушылардың үлкен қателігі, олар төмен бағадағы хабарландыруға сеніп, пәтер иесіне тікелей шығып, ақпараттық қызмет көрсететін компаниямен шарт жасай отырып, 10, 15 немесе 20 мың теңге алдын ала төлемін қалдырып кетеді. Шарт бойынша оларға пәтер жалға беретін иелерінің нөмірлерін беру уәде етіледі. Сондықтан риэлторлық қызмет көрсету шарттарын мұқият оқып шығу қажет.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Әлемдегі табысқа қол жеткізгендер – үнемі өздерін қайрап, әрдайым ақша табудың жолдарын іздеген. Ал биік деңгейге көтерілген шақта, өзгелердің адал еңбегін бағалаған. Сапалы іс тындырып, тыңғылықты тірлік атқарғандардың еңбекақысын ұлғайтқан. Өйткені, білікті маман қай жерде де сұранысқа ие. Егер оның қабілет-қарымын байқап, ісіне қарай бағаласаңыз, сол адамнан артық іскер жан болмасы анық. Бұл қаржыгерлердің сан мыңдаған жылдар бойы бізге дәлелдеп қалдырған теоремасы. Сондықтан әр еңбектің қайыры боларына сенеміз.



КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

СЫЙАҚЫНЫҢ ДА «СИҚЫРЫ» БАР

Бұл қызметкердің жұмыс өнімділігін арттырады

Сыйлық көңіл жадыратады

Дүниеде екі байлықтың көзі бар. Бірі – материалдық, екіншісі – рухани. Көбісі екіншісін дұрыс көреді. Ол да жөн. Дегенмен, күнделікті тіршілікте тым бай-бағланға айналмасаңыз да, жеткілікті деңгейде ғұмыр кешкенге не жетсін?!

Адамның арманы көп. Ал қиялында тіпті шек жоқ. Ойға алған істі кәдеге жарату ептіліктің, ақылдылықтың және ой ұшқырлығының бір белгісі саналады.

Көңілімізді бір серпілтетін нәрсе, ол – сыйақы. Жасаған еңбегіңнің жемісін көру ғанибет. Ал ол үшін маңдай терді сығып жүріп қызмет еткен абзал. Сонда ойлағаныңызға қол жеткізесіз.

Ганс Христиан Андерсен: «Қозғалу, тыныс алу, қалықтау, жүзу, сыйлық беру-алу, зерттеу, саяхаттау – міне, өмірдің мәні осы», – депті. Біреулер үшін бұл білгірдің ойы, өзі жазғандай, ертегі сипатында қабылдануы мүмкін. Десе де, астарында талай пайым-түсініктер тұнып жатыр.

Білгенге – маржан

Қазіргі заман адамзатқа мол мүмкіндіктер ұсынууда. Кез келген жерде іс атқарып, көп қаржы табуға болады. Ол үшін ең бастысы, барша кедергілерді еңсеру керек. Сонда ғана жұмысыңыз алға басады.

Қаржының сыры ежелгі дәуірлерде жатыр. Жаһанға әйгілі Александр Македонский, Шыңғысхан, Әмір Темір сынды патшалар дүниедегі ең ауқатты тұлғалар саналған. Олар өздерінің даңқын жан-жақты пайдаланған және шығарған. Даңқты қолбасшылар өздерінің даңқын асыру мақсатында әртүрлі әрекетке барған. Қасында жүрген үзеңгілестеріне зәулім сарай, қапшық-қапшық алтын динар, тағы сол сияқты нәрселермен құрмет-разылығын танытқан. Оған дәлел ретінде 1520–1566 жылдары Осман империясын билеген Сүлеймен Сұлтанды алуға болады. Ол өзінің бас уәзірі әрі күйеу баласы Ибраһим патшаға арнап сарай салдырған деседі. Өрине, бұл зәулім ғимарат алтынмен апталып, күміспен қапталғаны сөзсіз.

Ерте заманда шексіз ризашылық білдіру әртүрлі сипатта болған. Бай-шонжарлар жібек мата, бағалы ішік, кейбірі комақты тиын салынған қапшықтар ұсынған. Мұны әр елдің өзіндік салтымен, ғұмыр кешкен уақытымен, дағдысымен байланыстыруға болады. Қысқасы, патша, бай-бағлан, т.б. разылығын түрліше білдірген.

Ептінің заманы

Бүгінгі кезең арпалыс сияқты. Бәрі тез қимылдайды. Тіпті, уақыттың өзі жылдам өтіп жатқан сияқты. Кейбір ептілер «жұмысқадан жүн қырқып жүр». Онысына тек ризамыз. Себебі, табыс кілті ептілікте екені айқын.

Бұрынғы білгір даналар «Сыйлық – адам мен адам арасын жақындастырады» деп аталы сөз қалдырған. Біздің қоғам нарықтық аймақта күн кешуде. Әлеуметтік желіден ата-анасына, бауырына, досына сыйлық жасап, қуанып жатқандарды көреміз. Таңданып, тамсанамыз. Осының барлығы жоғарыда айтылған тарихтың дамыған, жетілген сабақтастығы десек, артық айтпағандық болар.

Шығыс халықтары үшін сапалы тірлік бәрінен маңызды. Мәселен, Жапония, Оңтүстік Корея да ынталандыруға баса мән берген. Тіпті, алдыңғы орынға шығарған. Айрықша ден қойған. Оларда компания, корпорациядағылар әртүрлі қаражат көлемінде сыйақы тағайындайтын көрінеді. Ол жағын әр ұйым өзінің ішкі құрылымына сай шешкен. Нақтырақ қанша айлық мөлшерінде беретінін өз ережелеріне сәйкес жасайды екен. Осы тақылеттес дүниені АҚШ, Түркия, Сингапур сынды дамыған елдердің тәжірибесінен аңғарамыз. Осындай игі дәстүр елімізге де ойысуда.

Қаржыгерлер «сыйақы ынтаның артуына алып келеді» деп жатады. Тегі, дөп айтылған сөз. Өрбір істің жемісті, бәсекенің жеңісті болуына жетелейді. Сол мақсатқа жету жолында қыруар шаруа атқарылады. Ал нәтиже дәмін татуды әркім көксейді.



Табысты болу өз қолыңызда

Әрбіріміз табыс көзін іздейміз. Бірақ қайда, қалай қадам басарымызды біле бермейміз. Ал қаржыгерлер болса, табысты өзіңіздің күш-қуатыңыздан іздеу керектігін меңзейді.

Біздің заманымыз нағыз табыс табудың шағы сияқты. Кім немен айналысады өзі біледі. Ең бастысы, шектен аспаса, біреудің ала жібін аттамаса болғаны. Қалған тіршілік өз ретімен жүзеге аспақ.

Адам баласы болған соң тезірек мол қаржыға кенелуді ойлаймыз. Сол арқылы үй-жай салып, бірнеше пәтер, қымбат көлік мінуді көздейміз. Дегенмен, сол жолда тактика керектігін онша ескере бермейміз.

Бүгінгі таңда онлайн жұмыс істейтіндер қатары артқан. Мәселен, бұрын бұл термин тансық болатын. Әсіресе IT, архитекторлар, блогерлер, сайтта жұмыс жасайтын тілшілер т.б. толып жатқан мамандық иелері қашықтықтан жұмыс жасап жүр. Олардың айлық табысы да өте жақсы. Тіпті, Түркия, Жапония, Америка Құрама Штаттарында жүрсе де, осында өз жұмысын ғаламтордың көмегімен тындыра алады. Бұл бір жағынан, интернеттің адамзатқа берген зор мүмкіндігі деп білеміз.

Еңбек еленсе екен...

Әрбір адам еңбек істеп, табан ет, маңдай терін төгеді. Қайтсе де жақсы айлық тауып, қажеттілігін жапқысы келеді. Сол үшін талпынады. Күндіз-түні еңбек етеді.

Жас кезде адам қиялшыл болады. Арманын асқақ қояды. Ауылдан үлкен шаһарларға барып іс қылады. Ө дегенде май шелпек жоқ. Әбден өмірдің сүрлеуінен өтеді. Сол ортаға сіңеді. Сөйтіп, біртіндеп үйлі-жайлы бола бастайды. Ал қазіргі ипотека сыйқын білесіз. Пайыздық мөлшерлеме тым қымбат. Ипотеканың алғашқы жарнасын төлеймін деп, екінші деңгейдегі банктерден кредит алады. Бар-күш жігерін салғаннан кейін жөндеу жұмыстарын қатырып істеп кіріп алуға ниеттенеді. Ал осының бәрі айлығынан көп болып шыға келеді. Соны төлеймін деп қосымша жұмыстарға жегіледі. Жаратқаннан әйтеуір 8–10 жыл ипотека мерзімінде ауырып-сырқамауын тілейді. Сондықтан істеп жүрген ортасында ісі нық, артық сөзі жоқ өз ісін тыңғылықты атқаруға барынша тырысады. Адам армансыз болмайды ғой. Қатарластары 2-3 айлық сыйақы алғанын көріп естіп, өзі де үміттенеді. Қашанғы іште сактап жүре берсін, соған қарай талпынады. Міне, содан

келіп премия деген халықаралық термин текке шықпаған. Еңбегіміз еленіп жатса, мойнымыздағы ипотекаға біршама әсер етер еді. Ниетімізге жетейік!

Түбі бір жақсылық болады

Сыйақының қаншалықты құнды екенін көзіқарақты ағайын білер. Өйткені, өз есебі түгел, айлық табысы жоғары жандар аса бір құмартпауы да мүмкін.

Алайда, көбісі сыйлық алып, мерейі үстем болғанын қалайды. Ол жағын жасырып-жасқаудың қажеті шамалы. Себебі, баршамыз жұмыр басты пендеміз. Біреу бала-шағасына, ендігісі ауылдағы ата-анасы, бауырларына береді. Солардың керек-жарағына жұмсайды. Десе де, «жыламаған балаға...», түсіндіңіздер, иә!

Қазір инфляция 20% құрап тұр. Жүріп-тұру құны артты. Баға шарықтап барады. Баяғыда ойлаушы едім «неліктен үлкен депрессия түседі» деп. Кілтипан тұрмыста екен ғой. Соның жолына біз де түстік. Не болса да, денсаулық мықты болсын. Біздікі арман. Ал ол бәлкім, орындалар немесе басқаша... Ең бастысы, өз ісіңіздің шебері болуға жазсын. Сонда атақ-мансап өзі тауып келер.

P.S.

Дүние жүзіндегі ең құнды сыйлық – Нобель премиясы. Кинода – Оскар. Осы сияқты тізім әр салада жалғаса береді. Сыйақы мен сыйлық – егіз ұғым. Мұны неленуге еңбегі адал, тірлігі нық, іскер әрбір жан үмітті әрі лайық демекпіз.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ,
журналист.





ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ

мәселесі қалай шешімін тауып жатыр?

Алматыда мектепке сұраныс артып, орын тапшылығын жою үшін үлкен жұмыстар жасалып жатыр. Мәселен, «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» іске асыру аясында сапалы білім беруді дамыту үшін арнайы жол карталары әзірленіп, қолға алынған еді. «Жол картасы» аясында орта білім берудегі өзекті мәселелер шешімін тауып, педагогтардың біліктілігін арттыру, басқа да маңызды мәселелер кезекпен өз шешімін тауып жатыр.



Қазір Алматы әкімдігі мектепке дейінгі ұйымдарды орын тапшылығын шешу үшін 2029 жылға дейін балабақшалардағы мемлекеттік тапсырысты 35 мың орынға ұлғайту барысында жүйелі жұмыстарды бастап кетті. Оған қоса, мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы мәселесі де белсенді түрде шешілуде. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша республикалық бюджет есебінен 37 мың оқушыға арналған 22 мектептің құрылысы басталатын болса, орта білім беру ұйымдарына тағы да 30 мектеп пен 9 қосымша құрылыс салу жоспарланған. Сәтін салса, 2025 жылға дейін оқушы орыны тапшылығы 23 мыңға дейін төмендейтін болады. Осы ретте қолға алына бастаған 50 білім беру нысанын жаңарту жұмысы да өз жемісін берері анық. Сондай-ақ, қаламыздағы екі жүзге жуық мектеп жаңа буынның пәндік кабинеттерін ала бастады.

Алматыда жыл сайын екі мыңға жуық педагог біліктілігін арттыру үшін арнайы курстардан өтеді. Еліміз бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өңірлік ресурстық орталығы алғаш рет Алматыда ашылып отыр.

Алматының 18 мыңға жуық педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білім саласы басшыларының 450 өкілі халықаралық менеджмент бағдарламаларын, 9 мың педагог функционалды сауаттылықты, цифрлық құзыреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыру бағдарламалары бойынша арнайы дәріс оқыды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тегін техникалық және кәсіптік біліммен

100% қамтуды қамтамасыз ету үшін колледждерде мемлекеттік тапсырыс 20 мыңнан астам орынға ұлғайтылды.

Қашан да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қолжетімділігі мен сапасын арттыру маңызды болып қала берері анық. Осы мақсатта қаламызда 2025 жылға дейін 300 төсектік жатақханасы бар екі жаңа колледж құрылысы басталмақшы. Сонымен қатар, 4 мыңға жуық ТЖКБ оқытушылары біліктілікті арттыру курстарынан, ал 600 арнайы пән мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлері халықаралық тағылымдамадан, 85 колледждің басшылық құрамы менеджмент бағыты бойынша біліктілігін арттыра бастады.

Сонымен қатар, бірқатар іс-шаралар инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған. Дәл қазір психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желісін, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін кеңейтіп, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмекке мемлекеттік тапсырысты 1400 орынға ұлғайту мен қалалық инклюзивті ресурстық орталық құруды жоспарлап отыр.

«Жол картасы» бойынша төрт инновациялық шығармашылық орталығын, екі жазғы лагерь салу, қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту және мектеп кітапханаларын жаңғырту сияқты жұмыстар жоспарланған.

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

жобасы жаңа оқу жылынан бастап жандана түспек

«Оқуға құштар мектеп» жобасы жаңа оқу жылынан бастап жанданып, жалғаса беретін болады. Аталмыш жобаның маңыздылығы сол, еліміздегі барлық мектеп кітапханаларына 2,5 миллионға жуық көркем әдебиет сатып алынды. Жоба аясында Алматы қаласының мектеп кітапханалары да жаңа әдебиеттермен толықты.



Осылайша мектептердің кітапхана қоры көптеген мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтырылды. Сонымен қатар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары мен ондағы орындардың да саны көбейді. Қала мектептерінде оқушылардың кітап оқуына барлық қолайлы жағдай жасалған. Мәселен, тек осы мақсатты жүзеге асыру үшін республика бойынша 121 коворкинг-орталығы ашылып, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін 3,7 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылған еді.

Мемлекет басшысы «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстарды жалғастыруды басты назарға алып отыр.

Дәл қазір осы мақсат үшін алға қойылған міндеттер орындалып жатыр. Көрсеткіштерге де көңіл толарлықтай. Жоба іске асырылғаннан бастап мектеп кітапханаларында көркем әдебиет саны айтарлықтай өсті, әсіресе, мемлекеттік тілдегі әдебиеттер қатары молайды. Мектеп кітапханаларында бұған дейін қазақ тіліндегі әдебиеттер саны аз болса, қазір кітап қорының басым бөлігін

мемлекеттік тілдегі әдебиеттер толықтырып тұр. Сонымен қатар, тек қазақстандық авторлардың ғана емес, әлемдік әдебиет туындылары да бар. Жалпы, «Оқуға құштар мектеп» – өте маңызды жоба, сондықтан бұл жұмысты әлі де жалғастыра түсу керек екенін уақыт дәлелдеп отыр.

Балаңыз кітап оқысын десеңіз, әр мектепте қызықты, заманауи, дүние жүзі оқитын көркем әдебиет, әсіресе, қазақ тіліндегі кітаптардың қолжетімді болуына үлесіңізді қосыңыз. Үйіңіздегі артық кітаптарды мектеп кітапханасына өткізеңіз де болады. Балалардың көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін, ең алдымен, сапалы кітап ұсынып, тиісті жағдайлар жасауымыз керек қой.

Оқу-ағарту министрлігі мектеп кітапханаларын тиісті форматқа ауыстырып, кітап оқудың тиімді жолын жасап жатыр. Бұл үшін біраз мемлекеттердің қолданып келе жатқан озық тәжірибесін пайдалана бастады. Бұл ретте ашық реакрацияларда, буккроссингі бар, кітаптарды ашық қоятын қосымша кітапханалар ашыла бастады. Бұл бастама да «Оқуға құштар» жобасының бір бөлігі іспетті.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫ АЛДА КЕЛЕДІ

Алматыда биыл да 1-сыныпқа қабылданушы балалардың қарасы қалың. Жалпы, 1-сыныпқа қабылданушы балалар саны жағынан биыл көштің басында Алматы, Түркістан және Алматы облысы тұр. Еліміздің 7,7 мың орта білім беру ұйымында 2023-2024 оқу жылында 3,9 миллион оқушы білім алса, олардың 364 мыңы 1-сыныпқа қабылданғандар.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ
ИЕ БОЛАМЫЗ

2021 жылдан бастап Алматы қаласы білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында «Алматы мектептері» бағдарламасы іске аса бастады.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты – Алматы мектептері мен оқушыларына сапалы білім беру моделіне қол жеткізу. Осы мақсатта қаламыздағы 50 мектептің басшысы Эстония мен Финляндияға тағылымдамадан өтуге барып қайтқан еді.

Олар мектептерді басқарудың инновациялық әдістерін, көшбасшы болып табылатын мектептердің тәжірибелерімен танысып, өзге мемлекеттегі әріптестерінің жетістіктері мен тәсілдерінен үлгі алып қайтты. Күні кеше Алматы қаласы білім саласының тағы да 50 қызметкері Сингапурге барып келді.



Осылайша Алматы мектептері білім саласының жаңа имиджінің форматоры болып отыр. Бұл Алматы мектептерін дамыту бағдарламаларына оң әсерін тигізіп, олар міндетті түрде алматылық мектептердің жаңа имиджін жасаушы болады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Жаңа оқу жылы қарсаңында бастау алатын «Мектепке жол» акциясы биыл «Жақсылық жаса» деген ұранмен өтіп жатыр. Осынау жылдар ішінде біздің №110 мектеп-гимназия ұжымы да қайырымдылық шарасынан қалыс қалмай, өз үлестерін қосып, бір кісідей көмектесіп келеді. Біз кәсіпкер немесе қалталы азамат болмасақ та, оқушыларымыз қатарластарынан қалмай, білім алса дейміз. Сол үшін көмек қолын созып, көмектескісі келетін мұғалім-деріміздің қатары да артып келеді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖАСАУ – ҚАНЫМЫЗДА
БАР ҚАСИЕТ

Жетісу ауданындағы №110 мектеп-гимназияның «Қамқоршылық» кеңесі, ұстаздар қауымы мен мектеп ата-аналары бірлесіп, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге кірісіп кетті. Қазірдің өзінде көмекке зәру 12 оқушы мектеп формасы, сөмке, спорттық киім мен оқуға қажетті кеңсе тауарларымен толығымен қамтылды. Осынау қайырым мен мейірімге толы айда әлі де әлеуметтік аз қамтылған, ата-аналар қамқорлығынан тыс қалған, көпбалалы отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетіліп, олардың алаңсыз білім алуларына жағдай жасау жалғаса береді.

Осынау игі шараның бел ортасында жүрген мектеп ұстаздары «Мектепке жол» акциясы барысында мемлекетіміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа жасалып жатқан қолдаудың қайыры мол іс екенін айтады.

Мұның өзі жас ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатқан қайырымдылық іс-шарасына иманды азаматтардың тысқары қалмайтыны, қоғамда жас ұрпақтың келешегіне бей-жай қарамайтынын көрсетсе керек. Әлі де жалғасып жатқан акцияға қолдау білдіргісі келетін мейірімді жандар болса, алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қыркүйек айының соңына дейін жалғасатын «Мектепке жол» акциясына қолдан келгенше қолдау көрсетейік!

Сайраш КӨБЕЛДЕСҚЫЗЫ,
№110 мектеп-гимназия директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ШЕШІМ

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2023 жылғы 9 тамыздағы №1 шешімі

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 9 тамызда №1733 болып тіркелген

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №1 шешімінің күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2018 жылғы 19 наурыздағы «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» №1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1459 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.ҚАЛДЫБЕКОВ.

ТАҒЗЫМ

Ұлттық кітапханада ақын, жазушы, қоғам қайраткері Марфуға Бектемірованы «Ғажайып ғұмыр» атты еске алу кеші өтті. Кешке ақын, жазушылар, мұғалімдер, зиялы қауым өкілдері, Алматы әскери гарнизонының жауынгерлері қатысты. Жиналған қауым әуелі Марфуғаның өмірі мен қызметі жайлы баяндайтын көрмемен танысты. Кешті Ұлттық кітапхананың директоры Бақытжамал Оспанова ашты.

«ҒАЖАЙЫП ҒҰМЫР»

Ақын, жазушы Марфуға Бектемірованы еске алу кеші өтті

Жиынды ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Мағира Қожахметова жүргізіп отырды. Ақын, жазушылар Қорғанбек Аманжол, Баян Бекетова, Жексен Алпартегі, Оңласын Әмірқұл, Балжан Хабдина, Баян Болатханова, Бейбіт Жұмажан, Мұратхан Шоқан, Ырысбек Дәбей сөз сөйлеп, Марфуға Бектемірованың шығармашылығы жайлы жылы лебіздерін білдірді, естеліктерін ортаға салды.

Жезтаңдай әнші Жадыра Арыстанова ақын сөзіне жазылған «Ер Көкшенің жүрегі» әнін орындады. Дарынды журналист Жаңылхан Асылбекованың Марфуға жайлы әзірлеген «Жарқын бейне» хабарынан үзінді, өлеңдері оқылған бейнебаяндар



көрсетілді. Ақынның жанды даусымен орындауындағы өзі шығарған «Махаббат мұнары» әні жазылған аудиожазбаны жиналғандар

толқып, кейбір құрбылары көзіне жас ала отырып тыңдады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНДАР!

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттері телеарналардың бір апталық бағдарламасын жариялауды тоқтатты. Бізге бұл шешімге келуге әлемде болып жатқан қазіргі экономикалық ахуал себепкер болып отыр.

Баршамызға мәлім, кейінгі уақытта тауарлар мен қызметтердің бағасы айтарлықтай өсті, оған жаһандық қаржылық тұрақсыздық, біздің серіктестерімізге қатысты экономикалық санкциялар және т.б. ықпал етті. Мысалы, газет басылатын қағаз шетелден сатып алынады, бұл салаға қатысты отандық өнімнің болмауынан газет шығаруға қажетті өзге де шығыс материалдары сырттан әкелінеді.

Өздеріңіз білесіздер, құрметті оқырмандар, көптеген мерзімді басылымдар жабылды, көп жағдайда олар экономикалық сілкіністерге төтеп бере алмай, қазіргі күрделі жағдайларға бейімделе алмады.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінің редакциялары теледидар бағдарламаларын жариялауды тоқтатуына байланысты жасалған қолайсыздықтар үшін оқырмандарынан кешірім сұрайды. Біз қиындықтарға қарамастан өз басылымдарымызды шығаруды жалғастыра береміз. Сондай-ақ, сіздерді бізге түсіністікпен қарайды және адал досымыз болып қала береді деп сенеміз.

«Alatau Aqparat» ЖШС әкімшілігі.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



● ТЫҢ ТУЫНДЫ

КҮЙ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ!

Қазақтың ішкен асын жерге қоятын ең қастерлі өнері – күй. Осындай киелі өнерді халыққа дәріптеп жүрген атақты күйші Шәміл Әбілтай ағамыз жақында редакцияға келіп, жаңа тың туындысы дүниеге келгенін жеткізді. «Алматы жастары» деп аталатын күйдің нотасын алғаш болып «Almaty aqshamy» газетіне жариялағанды жөн санадық.

Шәміл Әбілтай
Алматы жастары
(күй)

Дәріп екініс



14.08.2023. (ШШБ)

Тарихи Алматы маңайының рухани өркендеуіне өрелі үлес жасау үшін, Қазақтың қазіргі қайыраңало, қайыпты, қайыпкер-күйшісі ретінде Нұрбекұлы Әбілбекұлы, Қызыл құзбен үйлену тойына арнап – күйім: „Алматы жастары!“ (ШШБ)

● ОТАН САҚШЫСЫ



Суреттері түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ШЕКАРАНЫҢ ДА ШЕГІ БАР

Ел шебін күзетушілер кәсіби мерекесін атап өтті

28 панфиловшылар саябағында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ардагерлері мен жауынгерлері Шекарашылар күнін атап өтті. 1992 жылы 18 тамызда Шығыс шекара округі негізінде ҚР Шекара әскерін құру туралы жарлыққа қол қойылды. 2012 жылдан бастап кәсіби-қызметтік мереке ретінде атап өтіледі. ҚР ҰҚК Шекара қызметі – елдің мемлекеттік шекарасын күзетуге арналған арнайы қызмет.

отставкадағы генерал-майор Марат Мәжитов.

Құрметті қарауылмен ардагерлер Мәңгілік алауға, Ауған соғысына қатысушылардың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Салтанатпен сап түзеген жиында бір топ ардагерге құрмет грамотасы, «Шекара әскерінің құрметті ардагері» кеудебелгісі тапсырылып, сый-сияпат берілді. Тәжік-ауған шекарасында қызмет еткен шекарашы-ардагерлер де марапатқа ие болды. Салтанатты жиын соңы концертке ұласты.



Айнабай
МӘДИ

«Шекара қызметі бес елмен арадағы 15 мың шақырымдық мемлекеттік шекараны күзетіп, шөл мен құрлықта ғана емес, Каспий теңізінің акваториясы мен әуеде де күзетте тұр. Демек, шекарашылар әуежайдағы құжат тексеру бөлімінде де, кеден бекетінде де қызметте. Біз жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіне ерекше мән береміз. Отставкадағы көптеген генералдар мен офицерлер бұл күні шекарашылардың әскери бөлімдерінде, отрядтар мен заставада, оқу орны мен еңбек ұжымдарында кездесу өткізіп, Отан қорғау маңызы, азаматтық борыш жайында өз тәжірибелерімен бөлісуде. Шекараның да шегі бар. Сондықтан Отан шебін күзетуші сардарлар мен сарбаздарға сақтық, қырағылық

тілейміз», – деді «Застава тарландары» республикалық ардагерлер ұйымы Алматы филиалының төрағасы,

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

САУЫСҚАННАН САҚ САРБАЗДАР


Техникалық құрал мен технологияның дамығанына қарамастан, қырағы көз, сауысқаннан да сақ шекарашылар барлығын өз көзімен көргенді жөн санап, аймақты патрульдеуге жиі аттанады. Шекарашыларымыз қандай қиындыққа да шыдас беріп жүр. Қазақтың өзбек, түркіменмен шекарасында аңызак шөл мен шанды дауылды жиі ұшыратуға болады.

Жасыл береттілер құрлықта ғана емес, теңізде (Каспий) де шекараны заңсыз бұзғандармен бетпе-бет келеді. Заңсыз теңіз жануарларын, балық аулайтындармен ара-тұра қақтығыс боп қалатыны бар. Сондықтан мұндай қызметке сайдың тасындай іріктелген әскери қызметшілер алынатыны айтпаса да түсінікті.

Контрабанда мүшелерінің мемлекеттік шекарадан заңсыз өту фактілері жиі тіркеледі. Қару-жарақ, медициналық дәрі-дәрмек не шығу тегі белгісіз заттар тасымалдайтын мигранттар саны аз емес. Бірақ сауысқаннан сақ сарбаздар барлығын қатаң бақылауда ұстайды. Былтыр шекарашылар Мемлекеттік шекарада 1183 құқықбұзушылықты анықтап, жолын кесті.

Осы күні шекарамызда 100-ден астам өткізу пункті жұмыс істейді. Оның ішінде авиациялық, теңіз, өзен, теміржол, автокөлік қызметі тәрізді түрлері бар. Күн сайын 10 мыңға жуық сарбаз жауынгерлік кезекшілікке шығады. Шекара шебінде ел тыныштығын күзетіп жүрген әскерилердің айтуынша, ел іргесі күндіз-түні бақыланды. «Отанға адал қызмет ету – басты мақсатымыз», – дейді шекарашылар.

● КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



БІЛІМ – ТЕҢІЗ



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.